

# Түркістан облысы Сауран ауданы жағдайында жеміс-жидек дақылдарын өсіру ерекшеліктері

*Лектор: Даулетова Ляззат Толтебаевна*



13.08.2025ж.  
Түркістан облысы,  
Сауран ауданы

**Мақсаты:** Түркістан облысының Сауран ауданының табиғи-ресурстық әлеуетін ескере отырып, жеміс-жидек дақылдарын өсірудің агротехникалық, экологиялық және экономикалық ерекшеліктерін анықтау. Сонымен қатар, бұл саладағы қазіргі даму жағдайына талдау жасап, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану жолдарын ұсыну да – осы жұмыстың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Жеміс-жидек өсіру саласын дамыту арқылы өңірдегі агроөнеркәсіп кешенін әртараптандыру, жергілікті тұрғындарды тұрақты табыс көздерімен қамтамасыз ету, ішкі нарықты сапалы өніммен қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті арттыру көзделіп отыр. Осы мақсатта ғылыми негізделген тәсілдер мен инновациялық технологияларды енгізу – бүгінгі күннің басты талабы.

## Міндеттері:

1. **Түркістан облысының Сауран ауданының табиғи-климаттық жағдайларына талдау жасау:** Өңірдің климаттық ерекшеліктері, жауын-шашын мөлшері, вегетациялық кезең ұзақтығы, топырақ құрамы және су ресурстары жеміс-жидек шаруашылығына қалай әсер ететіні анықтыланады.
2. **Жеміс-жидек дақылдарының негізгі түрлері мен сорттарын жүйелеу:** Өңірде кең таралған жеміс-жидек түрлері (алма, шие, өрік, шабдалы, алмұрт және т.б.) мен олардың өнімділігі жоғары, ауруға төзімді сорттарын сипаттап, өндіріске енгізу.
3. **Агротехникалық шаралар мен технологияларды талдау:** Суару тәсілдерін енгізу, тыңайтқыш беру, зиянкестермен ауруларға қарсы күресу және баптау жүйелерін заманауи әдістермен салыстыру арқылы тиімділігін бағалау.
4. **Қарастыру:** Ауруларға қарсы күресу шараларын (агротехникалық, химиялық, биологиялық және профилактикалық) жан-жақты қарастыру және олардың тиімділігін салыстыру.

## Түркістан облысының экономикалық көрсеткіштері.

Түркістан облысы – еліміздегі жеміс-жидек дақылдарын өсіруде жетекші өңірлердің бірі. Облыстың жылы климаты мен суармалы жерлерінің қолайлылығы бұл саланы қарқынды дамытуға зор мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары облыста бақ шаруашылығын өркендетуге бағытталған бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, жеміс-жидек өнімінің көлемі мен сапасы айтарлықтай артты.

2023 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысында жалпы 17,9 мың гектар жерге жеміс-жидек дақылдары егілген. Бұл көрсеткіш жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді, себебі облыс әкімдігі тарапынан бақ шаруашылығын кеңейтуге бағытталған жүйелі саясат жүргізілуде.

Осы алқаптардың ішінде қарқынды бақтар — қазіргі заманғы агротехникалық және тамшылатып суару технологияларын қолданатын, өнімділігі жоғары шаруашылық үлгілері — 5,4 мың гектарды құрап отыр. Бұл жалпы бақ құрылымының шамамен 30%-ын құрайды. Қалған 12,5 мың гектар дәстүрлі бақтар үлесінде.

Кесте 1. Түркістан облысы бойынша жеміс-жидек алқаптарының

| Көрсеткіш              | Аумағы (мың га) | Үлес салмағы (%) |
|------------------------|-----------------|------------------|
| Жалпы жеміс-жидек бағы | 17,9            | 100%             |
| Қарқынды бақтар        | 5,4             | 30,2%            |
| Дәстүрлі бақтар        | 12,5            | 69,8%            |

Қарқынды бақтардың артықшылығы — өнімділігі жоғары әрі қысқа мерзімде қайтарым береді. **Қарқынды бау өнімділігі орта есеппен 300–350 центнер/гектар** (немесе 30–35 тонна/га) аралығында болса, дәстүрлі бақтардың өнімділігі 60–70 центнер/гектар шамасында ғана.

Кесте 2. Бақтар өнімділігі (орташа, 2023 ж.)

| Бақ түрі     | Өнімділік (ц/га) | Ескерту                   |
|--------------|------------------|---------------------------|
| Қарқынды бақ | 300–350          | Жоғары технологиялармен   |
| Дәстүрлі бақ | 60–70            | Қолмен суару, төмен кіріс |

Мұндай айырмашылық ауыл шаруашылығы саласында қарқынды модельдердің экономикалық тұрғыдан әлдеқайда тиімді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, қарқынды бақтарда сорт жаңарту жиі жүргізіледі, бұл тұтыну нарығының сұранысына бейімделуге және экспортқа бағытталған өнім өндіруге мүмкіндік береді.

2023 жылы Түркістан облысында жалпы 116,9 мың тонна жеміс-жидек өнімі өндірілді. Оның ішінде негізгі өнім түрлері бойынша мынадай нақты көрсеткіштер байқалды:

**Кесте 3. 2023 жылы өндірілген негізгі жеміс-жидек өнімдері**

| Өнім түрі      | Өндіріс көлемі (мың тн) | Жалпы үлесі (%) |
|----------------|-------------------------|-----------------|
| Алма           | 95,8                    | 81,9%           |
| Алмұрт         | 3,6                     | 3,1%            |
| Сары өрік      | 7,4                     | 6,3%            |
| Шие            | 4,2                     | 3,6%            |
| Шабдалы        | 2,4                     | 2,1%            |
| Қара өрік      | 3,3                     | 2,8%            |
| Жидектер       | 1,8                     | 1,5%            |
| <b>Барлығы</b> | <b>116,9</b>            | <b>100%</b>     |

Аталған мәліметтерден көрініп тұрғандай, алма облыстағы жеміс-жидек өндірісінің негізгі бөлігіне айналып отыр (жалпы көлемнің 80% астамы). Бұл сұраныстың жоғары болуы мен сақтау, тасымалдау мүмкіндіктерінің дамуымен байланысты. Сонымен қатар, өңірдің кейбір аудандарында (Түлкібас, Сайрам, Төлеби, Сауран) шие мен өрік дақылдары да кеңінен өсіріліп, жергілікті нарықпен қатар, шетелге де жеткізілуде.

## Экспорт көрсеткіштері мен нарықтық бағыт

2023 жылы Түркістан облысында өндірілген өнімнің 26 мың тоннасы экспортқа шығарылды. Бұл жалпы өнім көлемінің шамамен 22% құрайды. Экспорттық бағыттар бойынша негізгі тұтынушы елдер:

### Кесте 4. 2023 жылғы экспорт көрсеткіштері

| Ел атауы   | Экспортталған өнім көлемі (тонна) | Негізгі дақылдар |
|------------|-----------------------------------|------------------|
| Ресей      | 14 000                            | Алма, өрік, шие  |
| Қырғызстан | 4 000                             | Алма, шабдалы    |
| Өзбекстан  | 5 000                             | Алма, қара өрік  |
| Беларусь   | 3 000                             | Алма             |
| Барлығы    | 26 000                            |                  |

Экспортқа негізінен алма, өрік, шие және қара өрік дақылдары жіберілді. Бұл өнімдер өз сапасы, дәмдік қасиеттері және сақтау мерзімінің ұзақтығы арқылы сұранысқа ие. Облыс әкімдігінің мәліметіне сәйкес, соңғы жылдары экспорт көлемін арттыру үшін арнайы сақтау қоймалары, логистикалық орталықтар мен қайта өңдеу цехтары салынуда. Бұл жеміс-жидек өнімдерінің нарыққа шығу мерзімін ұзартып, сапасын сақтауға ықпал етеді.

Өсімдік аурулары, туындау себептеріне байланысты жұқпалы (түрлі бактерия, вирус, саңырауқұлақ, гематода, т.б. тудыратын) және жұқпайтын (қоректену тәртібінің бұзылуынан, ыстық-суықтан, өнеркәсіп қалдықтарының әсерінен, т.б.) аурулар топтарына бөлінеді.

Өсімдіктердің жұқпалы ауруларын саңырауқұлақтар, бір клеткалы, таяқша тәріздес бактериялар, вирустар мен вироидтар қоздырады. Зиянды саңырауқұлақтардың, бактериялардың, кейде аяз салдарынан өсімдіктің кейбір бөлігі дұрыс өспей, шектен тыс ұлғайып ісікке, бұдырға айналып, өсімдік рагіне әкеліп соқтырады. Көпжылдық ағаштардың мех. немесе аяздан зақымданған діндерінде, тамыры мен тамыр жемісінде, кейбір өсімдіктердің сабақтары мен гүл қауашақтарында, жапырақтарында бунақ денелілер жұмыртқаларын салып, сонда өсіп-көбейіп, зақымданған органды пішіні домалақтау келген ісіктерге айналдырып, оның дамуына себепші болады.

## Ауру түрлері

1. Жеміс-жидек дақылдарының негізгі аурулары

а) Бактериалды аурулар;

Бактериалды күйік (*Erwinia amylovora*);

Алма, алмұрт дақылдарына қауіпті;

Жапырақтар күйіп кеткендей қараяды;

Жеміс ағашының бұтақтары солып, кебеді.

б) Саңырауқұлақ аурулары

Қара шірік (*Monilinia fructigena*);

Жемістің бетінде қоңыр дақтар пайда болады;

Сақтау кезінде шіруге әкеледі;

Ұнтақты зең (*Oidium spp.*);

Жапырақтар мен сабақтарды ақшыл ұнтақ басады;

Жеміс дұрыс дамымай, дәмі нашарлайды;

Тот ауруы (*Gymnosporangium spp.*);

Жапырақ бетінде сарғыш дақтар мен дөңестер болады.

в) Вирустық аурулар

Мозаикалық вирус;

Жапырақта мозаика тәрізді дақтар;

Өсу тежеледі, өнім азаяды;

## Аурулармен күресу жолдары

2. Аурулармен күресу жолдары

а) Агротехникалық шаралар;

Ағаштарды дұрыс отырғызу және күтіп-баптау;

Құрғақ және зақымданған бұтақтарды уақтылы кесу;

Арамшөптермен күрес;

Ауыспалы егіс жүйесін сақтау.

б) Химиялық шаралар

Фунгицидтер мен бактерицидтер қолдану (мысалы: Борды сұйықтық, Топсин-М, Хорус);

Вегетация кезеңінде профилактикалық өңдеулер жүргізу;

Препараттарды дұрыс мөлшерде және уақытында қолдану.

в) Биологиялық әдістер

Антагонист саңырауқұлақтарды қолдану;

Биопрепараттар: Триходермин, Фитоспорин, Псевдобактерин;

Экологиялық зиянсыз, топырақты уландырмайды.

3. Аурулардың алдын алу

Сапалы, аурусыз отырғызу материалын пайдалану;

Бағбандық құралдарын дезинфекциялау;

Карантиндік бақылау жүргізу;

Ауа райы факторларын ескеріп, профилактикалық шаралар жүргізу.

## Жеміс-жидек ауруларына қарсы қолданылатын препараттар кестесі

| № | Ауру түрі                       | Зақымдайтын дақылдар     | Препарат атауы                                        | Қолдану мерзімі                                     |
|---|---------------------------------|--------------------------|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| 1 | Бактериалды күйік (Erwinia)     | Алма, алмұрт             | Бордо сұйықтығы (бордоская смесь), Купроксат          | Ерте көктемде, гүлдену алдында және кейін           |
| 2 | Қара шірік (Monilinia)          | Алма, өрік, шие          | Хорус, Топсин-М                                       | Гүлдену кезеңінде, жеміс байлана бастағанда         |
| 3 | Ұнтақты зең (Oidium)            | Жүзім, алма, қарақат     | Топаз, Байлетон, Тиовит Джет                          | Вегетация басында және әр 10–14 күн сайын           |
| 4 | Тот ауруы                       | Алмұрт, алма, қарақат    | Строби, Полугам DF                                    | Гүлдену алдында және кейін 1–2 рет                  |
| 5 | Мозаикалық вирус                | Қарақат, таңқурай        | Вирусқа қарсы препараттар жоқ, тек ауру өсімдікті жою | Вегетацияда анықталған кезде                        |
| 6 | Антракноз (Colletotrichum spp.) | Қарақат, таңқурай, жүзім | Хорус, Купроксат                                      | Жапырақтар шыққаннан кейін және жеміс түзілу кезеңі |
| 7 | Сұр шірік (Botrytis cinerea)    | Жүзім, таңқурай          | Свитч, Сигнум                                         | Гүлдену алдында, жеміс байлағанда                   |
| 8 | Парша (Venturia inaequalis)     | Алма, алмұрт             | Скор, Дитан М-45                                      | Ерте көктемде бүршік жарғанда және гүлденуден кейін |

## **1. Тұрақты табыс көзі**

Жеміс-жидек дақылдары жыл сайын өнім береді. Дұрыс күтім жасалса, 1 гектардан бірнеше тонна өнім алып, ішкі нарықта да, экспортта да сатуға болады. Сезондық емес, тұрақты түрде табыс түсіретін ұзақмерзімді инвестиция болып есептеледі.

## **2. Су үнемдеу арқылы тиімді шаруашылық жүргізу**

Тамшылатып суару және жаңбырлатып суару технологиялары арқылы суды 2–3 есеге үнемдеуге болады. Бұл фермердің су шығынын азайтып, қосымша шығындарды қысқартады.

## **3. Жердің құнарлылығын арттыру**

Ағаш отырғызу арқылы топырақ эрозиясы азаяды, көлеңкелі микроклимат қалыптасады. Органикалық тыңайтқыштар мен дұрыс агротехникалық әдістер арқылы топырақ құнары сақталады.

## **4. Жұмыс орындарын ашу**

Жеміс бағы маусымдық емес, жыл бойғы күтімді қажет етеді. Бұл жергілікті тұрғындар үшін тұрақты жұмыс көзі (қырқу, егу, жинау, сақтау т.б.). Әсіресе ауыл жастарын жұмыспен қамтуға тиімді.

## 5. Экспорттық әлеует

Түркістан облысының климаты ерте пісетін жемістер өсіруге қолайлы.

Ерте өнім жинау арқылы отандық және шетелдік нарыққа бірінші болып шығуға болады (әсіресе Ресей, Қытай, Орталық Азия елдері).

Жоғары сұранысқа ие дақылдар – өрік, шие, жүзім, қауын, т.б.

## 6. Кооперация және өнімді өңдеу мүмкіндігі

Фермер бірнеше көршілес шаруашылықпен бірлесіп, қойма, өңдеу цехын, логистика жүйесін құра алады.

Бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, сату бағасын арттырады.

Өңделген өнім (шырын, тосап, кептірілген жеміс) ұзақ сақталады және қымбатырақ сатылады.

## 7. Мемлекеттік қолдау алу мүмкіндігі

Ауыл шаруашылығын қолдау бағдарламалары арқылы субсидия, жеңілдетілген несие, техника, көшет және тыңайтқыштар алуға болады.

"Агробизнес", "Ауыл – ел бесігі", "Қарқынды бау-бақша" секілді бағдарламалар фермерлер үшін тиімді.

| ТЕЗИС                                                                                                                                                                  | МӘЛІМЕТТЕР                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Көптеген ұсақ шаруашылықтарда агроном-маман жоқ. Дақылдардағы аурулар кеш анықталады, сол себепті тиімді күрес жүргізілмейді.                                          | <p>1. Климат пен топырақ ерекшеліктерін ескеру</p> <p>Ерекшелігі: Сауран ауданы — шөлейт және қуаң климатты аймақ, жаз ыстық әрі құрғақ, ал қыс жұмсақ.</p> <p>Ұсыныс:</p> <p>Құрғақшылыққа төзімді жеміс ағаштарын (өрік, бадам, шие, жүзім) көбірек өсіру.</p> <p>Топыраққа агрохимиялық талдау жүргізіп, тыңайтқыштарды соған сай қолдану.</p> |
| Сапасыз көшеттер мен отырғызу материалдары. Кей фермерлер сертификациядан өтпеген көшеттерді пайдаланады. Аурумен жұққан көшеттер жерге отырғызылып, инфекция тарайды. | <p>2. Су үнемдеу технологияларын енгізу</p> <p>Ерекшелігі: Су ресурстары шектеулі.</p> <p>Ұсыныс:</p> <p>Тамшылатып суару жүйесін кеңінен енгізу.</p> <p>Жер асты су көздерін тиімді пайдалану.</p> <p>Қайта су айналымын қарастыру (егіншілік пен бау-бақша үшін).</p>                                                                           |
| Ауыл шаруашылығына арналған білімнің жетіспеушілігі. Шаруалар арасында аурулармен күрестің заманауи әдістері жөнінде ақпарат аз.                                       | <p>3. Жеміс-жидек түрлерін жергілікті жағдайға бейімдеу</p> <p>Ұсыныс:</p> <p>Аязға төзімді, ауруға қарсы тұра алатын сорттарды таңдау.</p> <p>Мысалы: Түркістан өңіріне бейімделген "Казахстанский ранний" өрік сорты, "Байконур" жүзімі, "Карагандинская черешня" шие сорты.</p>                                                                |

| ТЕЗИС                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | МӘЛІМЕТТЕР                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Облыстың ауылдық аймақтарындағы суару инфрақұрылымы толық жетілдірілмеген. Суару жүйелерінің көп бөлігі ескірген және су ресурстарын тиімсіз пайдаланады.</p> <p>Бұл фермерлер мен шаруашылықтарға қосымша шығындар әкеледі және жеміс шаруашылығын қарқынды дамытуға кедергі болады.</p>                                              | <p>4. Агротехникалық шараларды сақтау</p> <p>Ұсыныс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағаштарды дұрыс отырғызу (қатар арасы, қашықтығы).</li> <li>• Уақтылы <b>ж</b>ық (қырқу), тыңайтқыш енгізу, зиянкестермен күресу.</li> <li>• Органикалық және биологиялық әдістерді артықшылықпен қолдану.</li> </ul>                              |
| <p>Түркістан облысында ауа райының құбылмалылығы мен экстремалды құбылыстардың жиілеуіне әкелуде. Құрғақшылық, ыстық желдер, топырақ эрозиясы, және мезгілсіз жаңбырлар жеміс шаруашылығына елеулі қауіп төндіреді. Бұл тәуекелдер бау-бақша дақылдарының өнімділігіне теріс әсер етіп, аграрлық сектордағы тұрақтылықты төмендетеді.</p> | <p>5. Кооперация және сату нарығы</p> <p>Ұсыныс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Шаруа қожалықтарын біріктіріп, ауыл шаруашылығы кооперативтері құру.</li> <li>• Сақтау қоймаларын (салқындатқыш) дамыту.</li> <li>• Жергілікті және экспорттық нарыққа бағдарланған сауда стратегиясын әзірлеу.</li> </ul>                             |
| <p>Облыстағы климаттық тәуекелдерді басқару және алдын алу үшін мониторинг жүйелерін енгізу, суармалы жерлердің тиімділігін арттыру қажет. Сонымен қатар, климаттық өзгерістерге төзімді дақылдарды енгізу маңызды.</p>                                                                                                                   | <p>6. Оқу және тәжірибе алмасу</p> <p>Ұсыныс:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ауыл шаруашылығы мамандарына арналған тренингтер ұйымдастыру.</li> <li>• Ғылыми-зерттеу институттарымен байланыс орнатып, жаңа технологияларды енгізу.</li> <li>• Алдыңғы қатарлы өңірлермен тәжірибе алмасу (мысалы, Жетісу облысы, ШҚО т.б.)</li> </ul> |



## ЖҮЗІМ ЖЕМІСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАР

**Милдью**

Қоздырғышы: *Plasmopara viticola* Berl. et Toni.

**Ұнды шық, немесе оидиум**

Қоздырғышы: *Uncinula necator* Burriel.

## ЖҮЗІМ ЖЕМІСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАР



Сұр зең



Филлоксера

**ЖҮЗІМ ЖЕМІСІНЕ АУРУ ТУДЫРУШЫ ЗИЯНКЕСТЕР ДЕРНӘСІЛІ**

Фитоптус, немесе жүзім қышымасы



Жапырақтағы көбелек дернәсілі

## АЛМУРТ ЖЕМІСІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН АУРУЛАР



Жеміс шірігі



Цитоспороз

АЛМА ЖЕМІСІНЕ  
АУРУ ТУДЫРУШЫ ЗИЯНКЕСТЕР



Калифорниялық қоңыз




Бит

## ЖАПЫРАҚТАРҒА АУРУ ТУДЫРУШЫ ЗИЯНКЕСТЕР



Жапырақ кенесі



Көбелек дернәсілі



Тля



Паутиный клещ



Моль




Листовертка



Ріпаковий прихованохоботник



Ріпаковий квіткоїд



Паутиный клещ



Злакова п'явиця



Пшеничний трипс



Акацієва вогнівка



Клоп шкідлива черепашка



Щитовки



Мучнистый червец



Белокрылка

## Сауран ауданындағы бағбандарға арналған ұсыныстар

1. Су үнемдеу – басты басымдық тамшылатып суару жүйесін енгізу: жеміс ағаштарына дәл әрі үнемді су беру. Судың булануын азайту үшін топырақты мульчалау (көлеңкелік жабын: сабан, қара пленка, т.б.). Құдық немесе ұңғыма суын дұрыс есеппен пайдалану, су шығынын бақылау.
2. Бейімделген сорттарды таңдау. Қуаң климатқа және аязға төзімді жеміс-жидек түрлерін таңдау: Өрік (мысалы, Казахстанский ранний, Шымкентский) Шие, алхоры (қысқа төзімділігімен ерекшеленеді). Жүзім (Байқоңыр, Восторг, Кардинал) Қарбыз, қауын (ашық далада жақсы өседі).
3. Агротехникалық жұмыстарды уақтылы орындау. Егу және қырку мерзімдерін сақтау (көктемде – отырғызу; күзде – санитарлық қырку). Ағаштар арасы 1,5–3 метр, қатар арасы – 5–6 метр болуын сақтау. Уақтылы тыңайтқыш енгізу: көктемде – азотты тыңайтқыш, күзде – фосфор-калийлі тыңайтқыш. Аурулар мен зиянкестерге қарсы биологиялық және химиялық өңдеу (уақтылы профилактика).

## Сауран ауданындағы бағбандарға арналған ұсыныстар

4. Сату нарығын алдын ала жоспарлау. Өнімді тек жинап қана қоймай, өткізу жолдарын ертерек ойлау: Жергілікті базарлар, көтерме сатып алушылар Түркістан, Кентау, Шымкент қалаларындағы сауда орындары Кооперативтерге бірігу арқылы өнімді ортақ түрде сақтау және сату (мысалы, суық қоймаларға бірге инвестиция жасау)

5. Қосымша құн қосу – табысты арттыру Шикізат күйінде сатпай, өңделген өнім түрінде өткізу: Құрғақ өрік, шие Қауын қабығынан тосап Жеміс шырындары Жеміс-жидек кептіргіш, шырын сығатын шағын жабдықтар алуға грант/субсидия алуға болады

6. Оқыту мен тәжірибе алмасу Ауылдық округ деңгейінде тренингтер, семинарлар ұйымдастыру Түркістан облысындағы тәжірибелі бағбандармен тәжірибе бөлісу кездесулері Жергілікті колледждер мен агроорталықтармен байланыс орнатып, оқу курстарына қатысу

7. Мемлекеттік бағдарламалар мен қолдауларды пайдалану Субсидиялар – көшет, тыңайтқыш, тамшылатып суару жүйесіне Аграрлық несие корпорациясы, Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы жеңілдетілген несие «Ауыл – ел бесігі», «АгроБизнес», «Қарқынды бақ» сияқты мемлекеттік бағдарламаларға қатысу

## Жүзім бұтақтарын кесу және үстемелеп қоректендіру

Егер жүзімді кесіп тұрмасаңыз – не болады?

| Мәселе                     | Салдары                                         |
|----------------------------|-------------------------------------------------|
| Бұтақтар артық             | Күш жапыраққа кетеді, жеміс азаяды              |
| Жеміс өркендері әлсіз      | Өнім шықпайды немесе сапасыз болады             |
| Ішкі бөліктер көлеңкеде    | Жеміс піспейді, ауру пайда болады               |
| Қартаю процесі жылдамдайды | Бұта ескіреді, өсуі баяулайды                   |
| Өнім беру уақыты азаяды    | Бұта 3–4 жылдан кейін мүлде жеміс бермей қалады |

## Жүзімді кескендегі нәтиже

## ӨНІМГЕ ӘСЕРІ

## КЕСІЛГЕН БҰТА



Жеміс көп,  
көлемі үлкен,  
пісуі жақсы



КЕСІЛМЕГЕН БҰТА  
Жеміс аз,  
ұсақ, нашар піседі



1. Жүзім бұтақтарын күзде кесу.

1. Жеміс беретін өркендерді қалыптастыру, жүзім жемісі тек өткен жылы өскен өркендерде пайда болады. Күзде сол өркендерді таңдап, артықтарын алып тастау — келесі жылға дайындық.

2. Қарсыласпайтын пішін қалыптастыру, бұта тым қалыңдап кетпеу үшін қажет. Артық жапырақ пен бұтақтар кесіліп, ауа айналымы жақсарады.

3. Қысқа дайындау. Кесілген бұталарды жерге майыстырып, оңай жауып қоюға болады. Егер бұтақтар ұзын және көп болса, жабу қиындайды, үсік тию қаупі жоғары.

4. Аурулардың алдын алу

Кесілген, тазартылған бұтада зиянкестер мен саңырауқұлақ аурулары аз кездеседі.


## Жүзім бұтақтарын кесу тәсілі

жеміс бұтағы  
6–10 бүршік  
қалдырылды

**ЖЕМІС БУЫНЫН  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

калемше  
2–3 бүршік  
қалдырылды

жүзім  
бұтасы



2. Көктемде кесу (қосымша/түзету).

Уақыты: көктемде күн жылынғанда, бірақ бүршіктер жарылмай тұрып — наурыздың соңы — сәуірдің басы.

Мақсаты: күзде кесілмей қалған бұтақтарды жою, аяздан зақымданған бұтақтарды тазалау. Назар аудар: көктемде кескен кезде «жылау» (шырын ағу) байқалуы мүмкін, бұл өсімдікке стресс береді.

## Кесуден кейін тыңайтқыш берудің маңызы

| Не үшін керек?                   | Түсіндірме                                                                 |
|----------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|
| Энергияны қалпына келтіру        | Кесу өсімдікке стресс береді, тыңайтқыштар көмегімен ол тез қалпына келеді |
| Жаңа өркендердің мықты өсуі үшін | Келесі маусымдағы өнімге жауапты бүршіктер қоректенуі тиіс                 |
| Ауруға төзімділікті арттыру      | Құнарлы топырақ — мықты иммунитет                                          |
| Қысқа жақсы дайындалу үшін       | Минералдар қыста бұтадағы биохимиялық тепе-теңдікті сақтайды               |

## Топырақ түріне қарай тыңайтқыш беру

| Топырақ түрі           | Мәселе                           | Ұсынылатын тыңайтқыштар                                 |
|------------------------|----------------------------------|---------------------------------------------------------|
| Құмды топырақ          | Аз қоректік, су ұстамайды        | Компост, көң, гумус, калий сульфаты, магний             |
| Сазды топырақ          | Ауыр, ылғалды, су тоқтап қалады  | Шіріген көң, ағаш күлі, суперфосфат                     |
| Қара топырақ           | Құнарлы, бірақ азот тез жойылады | НРК комплекстері, микроэлементтер (бор, магний, темір)  |
| Құнарсыз (сұр) топырақ | Минерал аз, органика жетіспейді  | Кешенді тыңайтқыштар, көң, компост, азотты тыңайтқыштар |

## Сорт ерекшелігіне қарай

| Сорт түрі             | Ерекшелігі                          | Мақсаты                                      |
|-----------------------|-------------------------------------|----------------------------------------------|
| Ерте пісетін сорттар  | Жеміс тез байланады, дәмі маңызды   | Калий көп (калий сульфаты, күл), суперфосфат |
| Кеш пісетін сорттар   | Көбірек өсу қажет, кеш жеміс береді | Азот көктемде, фосфор жазда, калий күзде     |
| Техникалық (шараптық) | Қанттылығы жоғары болу керек        | Калий мен магний, азот шектеледі             |
| Десерттік (асханалық) | Ірі шоғыр, дәм мен пішін маңызды    | НРК, микроэлементтер (бор, темір, мырыш)     |

«ОБМЖӨШҒЗИ» ЖШС  
Басқарма төрағасы

Султанханов С.А.

Сарапшы

Жумабаев Ш.А.

Лектор

Даулетова Л.Т.

